

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап зейнетақы жарналары БЖЗК-ның жаңа деректемелері бойынша аударылады**

"БЖЗК" АҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Банк-Клиент" қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесіне көшудің аяқталуына байланысты зейнетақы жарналарын 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап БЖЗК-ның жаңа деректемелері бойынша ғана аударуға болатынын хабарлайды.

Атауы	Деректемелері
Бенефициар БСК	NBRKKZKX
Бенефициар ЖСК	KZ92125KZT1002303300

Бұл ақпарат, ең алдымен, ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) өз бетінше немесе жұмыс берушілер арқылы екінші деңгейдегі банктер және "Қазпошта" АҚ бөлімшелері арқылы аударатын салымшыларға арналған.

Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударуға келетін болсақ, олар Мемлекеттік корпорацияға аударылуы тиіс. Ол, өз кезегінде, аталмыш жарналарды БЖЗК-ға өзекті деректемелер бойынша аударды.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).